

Банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы (2007 жылғы 1 наурыздағы)

2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 16 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 10 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

№	Ұйымның атауы	На 01.01.2007	На 01.03.2007
1	Ипотекалық ұйымдар	10	10
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар ¹	16	16
	Жиынтығы	26	26

Ипотекалық ұйымдар

Активтер. 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ипотекалық ұйым активтерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 9 886,9 млн. теңгеге немесе 7,8 %-ға өсіп, 136 441,2 млн. теңгені құрады.

Ипотекалық ұйымдары активтерінің жалпы сомасында маңызды үлесін заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 82,5% (112 626,7 млн. теңге), бағалы қағаздар үлесіне – 9,4% (12 776,7 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарда орналастырылған салымдарға – 1,2% (1 684,7 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға 1,8 % (2 500,0 млн. теңге) келіп отыр.


Ипотекалық ұйымдарының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.2007		01.03.2007		Өсім, (%-бен)
	млн. теңге	Жиынтық қа %-бен	млн. теңге	Жиынтық қа %-бен	
Қолма-қол ақша	115,3	0,1	133,7	0,1	16,0
Корреспонденттік шоттар	1 634,6	1,3	1 684,70	1,2	3,1
Бағалы қағаздар	12 783,3	10,1	12 776,70	9,4	-0,1
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	2 550,0	2,0	2 500,00	1,8	-2,0
«Кері РЕПО» операциясы	0,0	0,0	0	0,0	0,0
Клиенттерге берілген заемдар	103 472,4	81,7	112 626,70	82,5	8,8
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	2 752,6	2,2	2 526,80	1,9	-8,2
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	1 007,5	0,8	1 480,20	1,1	46,9
Басқа активтер	2 238,60	1,8	2 712,40	2,0	21,2
Барлығы активтер	126 554,3	100	136 441,20	100	7,8

Кредиттік портфель. 2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі жыл басымен салыстырғанда 9,7%-ға өсіп, 114 604,9 млн. теңге болды.

Қаралып отырған кезеңде ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 93,8%-дан 91,9%-ға дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 6,0%-дан 7,8%-ға дейін ұлғайды, ал үмітсіз кредиттердің үлесі сол деңгейде 0,2%-да қалды.

¹ Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдардың есеп беруі тоқсан сайынғы негізде ұсынылады

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2007		01.03.2007	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	% -бен жиынтығы
Барлық несие портфелі	104 432,9	100	114 604,90	100
Стандартты	97 922,0	93,8	105 351,40	91,9
Күмәнді	6 317,0	6	8 970,30	7,8
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	4 797,5	4,6	5 347,0	4,7
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	762,2	0,7	2140,4	1,9
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	424,9	0,4	579,8	0,5
<i>4 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	268,4	0,3	390,2	0,3
<i>5 санатты күмәнді</i>	64	0,1	512,9	0,4
Үмітсіздер	193,9	0,2	283,2	0,2



1 наурыздағы жағдай бойынша жиынтық несие портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 99,5% құрады. Олардың ішінде «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 41,9%, «БТА Ипотека» АҚ - 47,1%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 10,4%.

Міндеттемелер. Ипотекалық ұйымдары міндеттемелердің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 5 830,0 млн. теңгеге немесе 8,9 %-ға өсті және 2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 107 663,6 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (65,2%-ке) және басқа банктерден алынған заемдардың (31,4%-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдарының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.03.07		Өсім %-пен
	млн. теңге	%-пен жиынтығы	млн. теңге	%-пен жиынтығы	
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	27 975,5	28,3	33 805,50	31,4	20,8
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0,0	0	0	0,0	0,0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	67 581,5	68,4	70 243,70	65,2	3,9
Басқа кредиторлар	788,2	0,8	843	0,8	7,0
Басқа міндеттемелер	2 491,5	2,5	2 771,40	2,6	11,2
Міндеттемелердің барлығы	98 836,7	100	107 663,60	100	8,9

Кірістілік. 2007 жылғы 1 наурыздағы ипотекалық ұйымдар табыс салығын төлегеннен кейін 723,3 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңіне қарағанда мейлінше көп. (2006 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша – 123,2 млн. теңге), Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 3 655,7 млн. теңге болды (2006 жылғы 1 наурызда – 1 842,7 млн. теңге), шығыстар – 2 932,4 млн. теңге (2006 1 наурызда – 1 719,5 млн. теңге) болды.

млн. теңге			
Ипотекалық ұйымдарының кірістілігі, млн. теңгемен Доходность ипотечных организаций, в млн. теңге	01.02.06	01.03.07	Өзгеріс (+;-), % -бен Изменение (+;-), в%
Сыйақы алуға байланысты кірістер			
Доходы, связанные с получением вознаграждения	770,60	2 673,5	в 3,5 раза рет
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар			
Расходы, связанные с выплатой вознаграждения	475,30	1496,7	в 3,1 раза рет
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер			
Доходы, не связанные с получением вознаграждения	7,50	982,2	в 131 раз рет
Сыйақы төлемін жасауға байланысы жоқ шығыстар			
Расходы, не связанные с выплатой вознаграждения	334,30	1435,7	в 4,3 раза рет

Проценттік кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (67,4% немесе 2 464,5 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында- бағалы қағаздар бойынша (34,0% немесе 997,9 млн. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады.

Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 2007 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша 1 060,1 млн. теңгеге немесе 3,8%-ға өсіп, ағымдағы жылдың басынан бастап 28 777,7 млн. теңгені құрады.

Ақпаратты Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.